

ӨОЖ 398.5

**Ы.ДҮЙСЕНБАЕВТЫҢ ФОЛЬКЛОРТАНУЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ  
ЖӨНІНДЕ**  
WORKS ON FOLKLORE OF I. DUYSENBAEVA

Бақытжан ӘЗІБАЕВА\*

**Түйіндеме**

XX ғасырдағы белгілі филолог-ғалым Ы.Т.Дүйсенбаев әдебиет тарихына арналған еңбектерінен бөлек ұлттық фольклорымызға қатысты зерттеулерімен де танымал. Ол отандық фольклортану тарихында алғаш болып «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосына арналған ғылыми басылымды дайындап, жарыққа шығарды. Ы. Дүйсенбаев үздіксіз іздестіру жұмыстарының нәтижесінде аталған эпостың ең көне нұсқаларын (1834, 1841, 1864) тауып, зерттеді және ғылыми айналымға енгізді. Осы ғылыми басылымды дайындау барысында өлмес мұрамыздың нұсқалары мен версияларына мәтінтанулық салыстыру-салғастыру жұмыстарын жүргізді.

Ғалымның 1973 жылы жарық көрген «Қазақтың лиро-эпосы» атты монографиялық зерттеуі қазақ эпостануына қосылған қомақты үлес болып табылады.

**Кілт сөздер:** Фольклор, нұсқа, эпос, қазақ эпостануы, ұлттық фольклортану.

**Summary**

A prominent scientist-philologist of the twentieth century I. T. Duisenbaev, in addition to works on the history of literature, is known also for his works on the national folklore. He prepared and published the first in national folklore a scientific publication, devoted to the epos "Kozy Korpesh – Bayan Sulu". As a result of hard work resistance he sought out, studied and introduced into scientific circulation the earliest recorded epos (1834, 1841, 1864). In the process of preparing scientific publications, he spent a large amount of textual works on the comparative study of variants and versions of the immortal folk of the monument.

A significant contribution to the Kazakh epos studies is his monographic study "Kazakh lyric-epos" released in 1973.

**Keywords:** Folklore, version, epic, Kazakh epos, national folklore.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор Ысқақ Тәкімұлы Дүйсенбаев 1910 жылы Ресей Федерациясы Омбы облысы, Таврия ауданы Қаушақпан ауылында туған. Мәскеудегі М.Горький

---

\* филология ғылымдарының докторы, профессор. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты фольклортану бөлімінің меңгерушісі. Алматы-Қазақстан.  
Doctor of Philological Sciences, Professor, head of Department of the Institute of literature and art.  
M. O. Aueзов. Almaty-Kazakhstan.

атындағы Әдебиет институтын бітірген, Ұлы Отан соғысы кезінде әскери борышын өтеген. 1946-1961 жылдары ҚСР ҒА-ның президиумында ғалым-хатшы, өнертану секторының меңгерушісі, 1961-1974 жылдары М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты әдебиет тарихы бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Ы.Дүйсенбаевтың ғылыми зерттеулерінің негізгі нысаны – XVIII, XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті мен халқымыздың фольклорлық мұрасы.

И.В.Сталиннің өлімінен кейін (1953) «жылымық» кезең басталды. 1958 жылғы Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті «Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдалану және оларды жақсарту шаралары туралы» атты қаулысы 1947 жылғы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмыстарындағы өрескел саяси қателіктер туралы», т.б.с.с. қаулылардың бүкіл қазақтың рухани әлеміне тигізген зардабын белгілі деңгейде жұмсартты, ғылым мен шығармашылықтың көкжиегін кеңейтіп, рухани өмірдің алға басуына жол ашты.

Осындай мүмкіндіктерді пайдалана отырып Ы. Т. Дүйсенбаев қазақ әдебиеті тарихының маңызды мәселелерін, тың тақырыптарын зерттеуге күш салды. Ол бұрын шығармаларын жариялап, зерттеуге тиым салынған Дулат, Шортанбай, Бұхар, Мұрат сынды ақын-жыраулардың шығармаларын алғашқылардың бірі болып зерттеп, монографиялық деңгейде қарастырды, олардың шығармашылық ғұмырбаянын анықтады, өлең, жыр, толғауларын жинап, жариялауға зор еңбек сіңірді. Сондай-ақ ғалым Абай Құнанбаев пен С. Торайғыровтың, С. Күлеевтің шығармаларын баспаға дайындау мәселесіне үлкен дайындық, ұқыптылықпен, жауапкершілікпен келіп, өзін дарынды мәтінтанушы ретінде көрсетті, жинақтарға жазылған алғы сөз, ғылыми түсініктерде жарияланып отырған шығармаларға жан-жақты талдаулар жасады. Басқаша айтқанда, зерттеуші қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының әдеби мұрасын жарыққа шығарумен бірге, олар туралы салмақты еңбектер де жазды.

Өз заманының, қоғамының арман-мүддесін, қайғы-қасіретін жақсы білген, жоғын жоқтаған, халқының ертеңіне алаңдаған Дулат, Шортанбай, Бұхар, Мұраттардың әдеби мұрасын зерттегенде Ы. Дүйсенбаевтың негізгі ұстанымы – біржақтылыққа жол бермеу, сыни көзбен объективті түрде, ғылыми тұрғыда зерттеп бағалау болды. Сонымен бірге, ғалым есімдері аталған ақын, жыраулардың поэзиясын

ортағасырлық түркі әдебиеті контекстінде қарастыру керектігін алға тартты.

Қазақ КСР ҒА-на 1946 жылы келгеннен өмірінің соңғы жылдарына дейін Ы. Дүйсенбаев қазақ әдебиеті шығармаларын жариялау, зерттеу жұмыстарына белсенді түрде қатысты, көптеген ұжымдық жұмыстарға ғылыми басшылық етті, жеке тараулардың авторы, жинақтардың құрастырушысы болды. Мысалы, ол көптомдық «Қазақ әдебиеті тарихының» өткен дәуірлерге арналған томдарын дайындауға жетекшілік етті және негізгі тарауларын жазды, «XVIII – XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962), «XX ғасырдың басындағы қазақ ақындарының шығармалары» (1962) атты жинақтар тікелей Ы. Дүйсенбаевтың басшылығымен баспаға дайындалды т.б.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеуші Ы. Т. Дүйсенбаев фольклортану саласында да елеулі із қалдырды. Бұл салада ғалымның сүбелі екі еңбегін айту керек: 1. Ол 1959 жылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ғылыми басылымын дайындап жарыққа шығарды. Қазақ фольклортану ғылымында бұл тұңғыш ғылыми басылым болды [1]. 2. 1973 жылы зерттеушінің көп жылғы еңбегінің нәтижесі, қорытындысы іспеттес – «Қазақтың лиро-эпосы» атты монографиясы жарық көрді [2].

Атақты жырға арналған ғылыми басылымды дайындауға зерттеуші үлкен дайындықпен келді. Оның 1955 жылы «Қазақ халқының әлеуметтік-тұрмыстық эпосы» тақырыбына қорғалған кандидаттық диссертациясында бұл жыр зерттеудің негізгі нысаны болған. Ғылыми басылымды дайындау барысында зерттеуші ауқымды қарастыру, іздеу шараларын жүргізді, архив қорларынан ғылыми қауымға белгісіз болып келген жырдың бес нұсқасын тапты, олар:

1. 1951 жылы И. Н. Березиннің [3] мұрағатынан эпостың ғылымға белгілі нұсқаларының ішінде ең бірінші қағазға түскен «Қозы Көрпеш – Баян» атты нұсқасын тапты. Араб әрпімен жазылған мәтіннің соңында: «Жазған Омбы облыстық махкамасының письмоводителі Ғабдулхайыр Дербесалин, 20 сентябрь 1834 жыл» делінген. Ы. Т. Дүйсенбаевтың айтуынша: «Тегі бұл нұсқа «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ең алғаш қағаз бетіне түскенінің бірі деп жорамалдауға келеді. Осы жағдай оны өте бағалы етеді де» [2, 48].

2. 1951 жылы И. Н. Березин материалдарынан жырдың тағы бір «Өлең Қозы Көрпеш һәм Баян сұлу» атты қолжазбаны іздеп тапты [4]. Араб әрпімен жазылған, қолжазбаның сыртында «Собрания со слов

киргизских переписывал толмач Аягузского внешнего окружного приказа Андрей Фролов, 1841» деген жазу бар.

3. 1951 жылы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» деген тақырыппен қағазға түскен тағы бір жыр мәтінін іздестіріп табады. Қолжазба И.Н.Березин мұрағатында сақтаулы [5]. Қолжазбаның бірінші бетінде: «Жыр «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» өлеңші Шөженің айтуынша» делінген. Беттің орта шенінде «Шахар Омбыда» деп арабша жазылған сөз өшіріліп тасталған. Дәптердің төменгі сол жақ бұрышында орыс әрпімен «И. Березин» деп жазылған. Қолжазбаның ақырғы бетінде: «Жазылды 1864 жылда, 5 мартта, бейсенбі күні кешке таман» деп жазылған. Кейін өшірілінген. Кімнің жазғаны көрсетілмеген» [1, 314].

4. 1951 жылы И. Н. Березин қағаздарында Шөже жырлаған жырдың тағы бір нұсқасын табады [5]. Ол «Қисса-и Қозы Көрпеш» деп аталған. Хатқа 1877 жылы түсірген Ш. Абдрахимов.

5. Сол 1951 жылы ғалым И. Н. Березин архивінде Шөже вариантының тағы бір жазбасын табады. Қағазға түсірген М. Ж. Көпеевтің [6] айтуынша, ол мәтінді бала күнінде, шамамен ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарының ортасында Қақсалбай ақыннан жаттап алып, ел арасында айтып жүрген. Бірақ, эпосты қағаз бетіне кейінірек түсірген (шамамен 1905 жылы). Ы. Т. Дүйсенбаев атап көрсеткендей бұл жазбаның М. Ж. Көпеевтің ақындық редакциялауынан өткені байқалады.

Ғалым іздестіріп тапқан әр нұсқаны зерттеп, ғылыми тұрғыда сипаттап, ғылыми айналымға енгізді.

Ы. Т. Дүйсенбаев дайындаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының ғылыми басылымы құрылымы жағынан төмендегідей: 1. Кіріспе мақала (3-35 бб.); 2. Мәтіндер (36-275 бб.), мұнда жырдың 6 нұсқасы қамтылған; 3. Ғылыми түсініктер (275-352 бб.); 4. Жырдың қазақ тіліндегі нұсқаларының тізімі.

Ы. Т. Дүйсенбаев аталмыш ғылыми басылымға өзі іздестіріп тапқан екі нұсқаны (1834 жылы Ғ. Дербесалин хатқа түсірген және 1864 жылы Шөженің айтуынан белгісіз біреу жазып алған мәтін), ХІХ ғ. баспа бетін көрген үш нұсқаны (В. В. Радлов 1870 жылы, И. Н. Березин 1876 жылы, Н. И. Ильминский 1878 жылы жариялаған үш нұсқа) және М. О. Әуезов 1936 жылы бастырған нұсқаны енгізген.

Ғылыми басылымның «Түсініктер» деп айдарланған тарауында құрастырушы аталған мәтіндерге жүргізген мәтінтанулық салыстыруларын ұсынған.

Ы. Т. Дүйсенбаев қазақ ғылымында бірінші боп 1841 жылы Фролов көшірген мәтін әкелі-балалы Уәлихановтар Жанақ ақыннан жазып алған нұсқа деп пайымдаған: «Бұл нұсқа (Фролов көшірген мәтін – Б. Ә.) Жанақ есіміне байланысты варианттан көшірілген болу керек. Ендеше, Жанақ версиясы дейтініміз осы И. Н. Березин бастырған нұсқамен бір болып шығады. Себебі, Фролов пен Березин варианттарының арасында оншалық айырма жоқ, көп жерлері бірін-бірі жолма-жол қайталап, дәлме-дәл түсіп отырады» дейді [2, 57].

Сол себептен болар Ы. Дүйсенбаев бұл жинақта қамтылмаған А. Фролов көшірген нұсқаны осы томға енгізілген И. Березиннің 1876 жылы жариялаған мәтінімен салыстырып 601 өлең жолының мәтіндік айырмашылықтарын, сондай-ақ Н. И. Ильминский 1878 жылы бастырған «Қозы Көрпеш» жырын түпнұсқамен салыстырып 142 жол өлеңдегі өзгешелік-айырмашылықтарын және Шөже нұсқасының үш жазбасын – 1864 жылғы мен 1877 жылғы Ш. Абдрахимов хатқа түсірген жазбаларын және М. Ж. Көпеевтің Шөже айтуынан үйреніп, кейін қағазға түсірген мәтіндерді өзара салыстырып, 974 өлең жолындағы айырма/өзгешеліктерді көрсетеді [7, 11].

Бірақ, өкінішке орай, зерттеуші анықталған айырмалардың себебін, өзгешеліктердің табиғатын зерделеп түсіндіруді мақсат етпеген, оларды тек тізіп шыққан.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқалары туралы» атты кіріспе мақаласында зерттеуші қазақ жырын осы тақырыптас башқұрт, ұйғыр, барабы татарлары мен алтайлықтардың жырларымен салыстырмалы түрде қарастырып, нұсқалардың мазмұндық жақындығын/өзгешелігін сипаттайды, әр этникалық нұсқаның ерекшеліктерін сөз етеді.

Ал мақаланың негізгі нысаны – сол кезде зиялы қауымға белгілі 16 нұсқаның ішінен сұрыпталып алынған ең көне, ертеректе қағазға түскен, баспа бетін көрген, сюжет дамуының бағыттарын айқындайтын 6 нұсқа зерттеушінің алдына қойған мақсатына, сол кездегі фольклор туралы ғылымның деңгейіне сәйкес қарастырылған.

Осы мақалада және «Қазақ әдебиетінің тарихы» ұжымдық монографияның (Том 1, 1-кіт., 1960) лиро-эпос пен «Айман, Шолпан» жырына арналған тараушаларда айтқан ойларын зерттеуші кеңейтіп, «Қазақтың лиро-эпосы» монографиясында (1973) ұсынды.

Еңбекте автор жырдың барлық түркітілдес версияларына ортақ мәселелерін зерттейді, әр этникалық версияның ерекшеліктерін анықтап, ойын былай қорытындылайды: «Қозы Көрпеш пен Баян

сұлудың трагедиялық махаббаты турасындағы аңыздың шыққан түп төркіні бір екендігін, кейін әрбір халық өзінің тарихи дамуына, өмір тіршілігінің ерекшеліктеріне сай өздерінің тума версияларын жасағандығын кесіп айтуымыз керек» [2, 46].

Ы. Т. Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосында халқымыздың әдеттегі тіршілігі мен тұрмысы, салт-санасы, әдет-ғұрыптары, қазақ елі тұрмысының негізі – мал шаруашылығы, аңшылық көріністері айқын дейді. Жыр туралы жазған басқа авторлар (М. Әуезов, С. Сейфуллин, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин т.б.) тәрізді ол зерттеліп отырған эпостың батырлық жырлардан өзгешелігін сөз еткенде мұнда әсірелеу, көтермелеу мүлде жоқ екеніне және Қозы Көрпеш образының батырлық жырлар қаһарманына ұқсамайтынына баса назар аударады. Ы. Т. Дүйсенбаев: «Тіпті екі жастың тұңғыш рет кездесуінің өзін де ақын ешбір әсірелемей-ақ жайша ыспаттайды» дей келіп, мысал ретінде 12 жол өлең келтіреді де, ойын былай түйіндейді: «Бұл үзінділерде сырлап-өңдеу, көтере әсірелеу мүлде жоқ, бәрі де күнделік өмірдің әншейіндегі қарапайым суреті. Сонымен бірге мұнда батырлар жырында жиі ұшырасатын: батыр жігіттің керемет күшін, ерекше балалық шағын, немесе қиялға симайтын жүйрік атын сипаттайтын оқшау әсірелеулерді де кездестіре алмаймыз» [2, 49].

Ғалымның бұл жазғандарынан оның лиро-эпостық жырлардың негізгі жанрлық белгілерін қалай түсініп анықтағанын аңғаруға болады. Нақтылап айтқанда, ол бұл жерде лиро-эпостың негізгі жанрлық белгісін көрсетіп отыр.

Автор мұндай қорытындыға жырдың ең көне – 1834 жылы және 1841 жылы қағазға түскен нұсқаларын саралау нәтижесінде келген. Бірақ бұл тұжырым жырдың өзге нұсқаларының бәріне де қатысты.

Ал, М. Әуезов 1924-1925 жылдары жинап, 1936 жылы жариялаған нұсқаны салыстырмалы түрде зерттей келе, Ы. Т. Дүйсенбаев кейінгі ақын, жыршылардың енгізген өзгертулерін, жаңалықтарын санамалап, ойын төмендегідей түйіндейді: «Жоғарыда айтқанымыздай жеке адамның сырт пішінін, ішкі сезімін беруде, яки табиғат көріністері мен құбылыстарын сипаттауда кейіпкерлердің ішкі толғаныс-тебіреністерін ашуда айтушы ақынның шеберлігі айтарлықтай. Сондықтан да біз бұл нұсқаның (Жанак ақын үлгісінің) көркемдік қасиетіне, ақындық тәсіліне (приемына) қарағанда, көп жағдайда, оның жазба әдебиетке жанасып қалатынын ашып айта аламыз» [2, 82].

Осы еңбекте автор жырдың «әртүрлі ортада жасалып, заманы өткен сайын өзгеріп, жаңарып отырғанын және бұл процеске ақын, жыршылардың белсенді түрде қатысқанын әңгімелейді: «Мәселен, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры екі ақынның есіміне тікелей байланысты. Бір топ варианттары атақты Жанақ ақынның айтуынша тараса, екінші бір тобы аты шулы Шөже орындаған версияға апарып саяды. Сөз жоқ, сол екі ақынның өздері орындаған түпнұсқалары бізге сол қалпында келіп жеткен жоқ, дер кезінде қағаз бетіне түспегендіктен, кейінгі уақыттарда оларды басқа бір ақындар өздерінше айтып жүргендіктен, Жанақ пен Шөженің аттарына байланысты үлгілердің кейбіреулері өзгертіліп, өңделіп, мүлде жаңғырып кеткенін тану онша қиын емес... Бір ғана мысал келтірелік: Жанақ айтты деген белгілі вариантты кейінірек Сыбанбай, Бекбау, Бейсенбайлар орындап, поэманың көп жерлерін өзгертіп жіберген, керек десеңіз, географиялық атауларды да мүлдем жаңартқан» [2, 64-65].

Бұл жерде Ы. Т. Дүйсенбаев бір шығарманың мысалында жалпы фольклорға тән нұсқалылықты, бұл құбылыстың табиғатын, нұсқаларды туғызатын өмірлік ситуацияларды, фольклорлық үлгілердің ғасырлар бойы халық жадында сақталып бізге жетуіндегі, нұсқалардың пайда болуындағы ақын, жыршылардың қызметін дәл көрсеткен.

«Мұнда да жырдың дәнекері: қазақтың ескі әдеті «ежеқабыл»... Қозы Көрпеш пен Баян сұлу жүзбе-жүз көріспесе де, әкелері өздерін күн бұрын атастырғанын медеу етіп бірін-бірі сүйеді. Сөйтіп, олар әдет-ғұрыптың көп заңының біреуіне мойынсұнғандай, қабылдағандай болады» – дейді автор [2, 60]. Автордың бұл айтқаны дұрыс, дегенмен анықтама беру керектігі анық сезіледі. Қозы мен Баян бұрын атастырылмаған болса, ақын, жыршылар олардың махаббатын дәріптеп, жыр өзегіне айналдырмас еді. Өйткені атаеркі заманында кез келген жігіт пен бойжеткен, жалпы қоғамның бір де бір мүшесі үлкендердің, ауыл басы, ру басының рұқсатынсыз өз тағдырын өзі шешуге ерікті емес еді. М. О. Әуезов әйгілі жырға арналған көп жылғы еңбегінің толық аяқталып, 1948 жылы («Қазақ әдебиетінің тарихы») жарық көрген нұсқасында былай жазған болатын: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында ғашықтық тақырыбы қазақ халқының бұрынғы құрылысында, тарихында болған ескілікті салтпен нық байланысты. Ол салт – рушылдық, феодалдық қоғамдар туғызған, заң еткен салт. Әйел

халін, жастар тағдырын аталық әмірмен, баталасумен сырттан шешетін заңды көреміз. Бұл өте ескі жыр болғандықтан баталасудың ең бір көне түрі көрінеді. Ана кұрсағында жатқан балалар, «белкұда», «ежеқабыл» деген шарт батамен қосылуға міндетті болады.

Рушылдық, феодалдық құрылыстың заңы, санасы бойынша жаңа туып, ер жететін Қозы, Баяндай екі жас та осыны өздеріне өмірлік қарыз, міндет санап, жыр бойында арман етіп көксейді.

Ғашықтық турасындағы романтикалық эпос, сөйтіп, бұрынғы қоғамдық құрылыстың ерекше ескі салтымен дәлелденіп жырланады. Жырдың ұзақ бойында ол салтты «теріс еді, ежеқабыл өрескел кертартпа, ауыр салт еді» деп, сынап қарау, мінеп-шенеу жоқ...

Тек сол батаны бұзған сараң, қатал, құлқыны жаман, арам кеуде Қарабайды жауыз етеді. ...Ол «жетім ұлға қызымды бермеймін» деп бұзыла көшеді. Антын жұтады» [8, 124-125].

Демек, Қозы Көрпеш пен Баян сұлуды заң ретінде жүретін ескі салтқа мойынсұнуға ешкім мәжбүрлемейді, керісінше олар өз заманының адал перзенті, сол тарихи-әлеуметтік жағдайда қалыптасқан тұлғалар болғандықтан Сарыбай мен Қарабайдың өзара берген анттарының бұзылуына үзілді-кесілді қарсы. Олар әкелерінің батасын өздеріне өмірлік парыз етіп, жүзеге асыру үшін аянбай әрекет етеді. Бұл туралы М. Әуезов былай дейді: «Ол тағдыр кітабына жазылғандай, бата байлау бұзылуға мүмкін емес. Оны жоқтаушылар да шығады. Сол жоқтаушылар қаншалық әлсіз болса да, қаншалық аз, көмексіз болса да «біз бармыз, батаның орындалуын біз жоқтаймыз, бізге жол бересің» деп шыққан халде, барлық мықты, дүлей, бітеу кеуде қарсылық, жауыздық күштің барлығы еріксіз әлсіремей қоя алмайды. Ол жоқшылар, жыр ішінде біріне бірі көрместен-ақ аңсап, ынтыға күштар болып, ғашықтық жалынмен ұмтылатын Қозы мен Баян болады» [8, 127].

Міне, сондықтан Қозы мен Баянның махаббатын баяндайтын аңыз-әңгіме өткен ғасырлардағы ақын, жыршылардың ықыласына бөленіп, репертуарынан берік орын алып, біздің заманымызға жетті.

Ы. Тәкімұлы жырдың іздестіріп тапқан жазбаларына байланысты академик Ә. Х. Марғұланның жазғандарын еске алған жөн. Ә. Х. Марғұланның жастайынан халық ауыз әдебиетіне қызығып өскен Ш. Ш. Уәлихановтың әкесімен бірге «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының бірнеше нұсқасын, солардың ішінде Жанақ ақынның айтуынан да жазып алғанын айтады [9, 19]. Ғалымның көрсетуінше, Жанақ ақын Қарқаралы даласының тумасы болғандықтан Аягөз



бен Қарқаралы тауының арасындағы далада ғана кездесетін нұсқаны жырлап беруі мүмкін. Бірақ Шоқанның бұл жазбасы әлі табылған жоқ [10, 366]. Ә. Марғұланның тағы бір мәліметінше, 1851 жылы Шоқан әкесі екеуі Құсмұрын даласында жазып алған тағы бір мәтінді сол жылы Омбы кадет корпусының мұғалімі Н. Ф. Костылецкий арқылы И. Н. Березинге тапсырады (ғылымда бұл мәтін Құсмұрын нұсқасы деп аталады – Ә.Б.) [10, 366]. Бұл нұсқаны да жырлаған Жанақ ақын. Демек Уәлихановтар Жанақтың орындауындағы эпос мәтінін екі рет жазып алады. Ал жырдың үшінші толық нұсқасын Шоқан атақты Шөже ақыннан 1864 жылы генерал М. Г. Черняевтің экспедициясына жүрер алдында Омбы қаласындағы пәтерінде жазып алады. Қолжазбаның сыртында Ш. Уәлихановтың қолымен жазылған белгілер бар. Бұл нұсқа да профессор И. Н. Березиннің мұрағатында сақтаулы [10, 366].

Сонымен Ы. Т. Дүйсенбаев 1951 жылы Березин мұрағатынан тапқан «Собрания со слов киргизских переписывал толмач Аягузского внешнего окружного приказа Андрей Фролов, 1841» деген жазуы бар мәтін 1841 жылы әкелі-балалы Уәлихановтардың М. В. Ладыженскийдің 1841 жылы ақпан айында жазған хатынан кейін Жанақ ақынның айтуынан жазып алған мәтіннің көшірмесі. Уәлихановтар эпос мәтінін көшіртіп, М. В. Ладыженскийге жіберген, түпнұсқасын өздеріне қалдырған. Ол әзірше табылған жоқ. Ал, Ы. Тәкімұлы сол 1951 жылы Березин мұрағатынан тауып, «Өлеңші Шөженің айтуынша» деген жазуы бар қолжазбаны кімнің жазғаны «белгісіз» деп көрсеткен нұсқаны хатқа түсірген Ш. Уәлихановтар. Тек оны Шоқан өзі емес, қасында бірге тұратын сауатты бір жігітке жаздырып, Ә. Марғұлан айтқандай қолжазбаның сыртына өз қолымен белгілер салған. Ы. Т. Дүйсенбаев көрсеткендей бұл жазба Шөже нұсқаларының ішіндегі ең толығы, мәтіннің тілі қоспалардан ада және ескі қазақ сөздері мен сөз тіркестері жиі кездеседі.

Аталмыш монографияда Ы. Т. Дүйсенбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырымен қатар «Қыз Жібек», «Айман, Шолпан» жырларын және XVIII ғ., көбіне XIX ғасырда жырланған, алайда XX ғасырдың соңғы онжылдықтарына дейін қалың жұртшылыққа беймәлім болып келген бір топ жыр, дастандарды қарастырады.

Соңғы топтағы шығармаларды сөз еткенде автор олардың аннотацияланған мазмұнын ұсынып, жалпы сипаттама беретін шолумен шектеледі, ал «Қыз Жібек», «Айман, Шолпан» жырларын арнайы зерттеп, зерделейді.

Монографияның «Қыз Жібекке» арналған бөлігінде автор жырдың негізгі нұсқаларын сипаттайды, варианттардың саны жағынан аздығын алға тартып, оның себебін пайымдайды, жырды жариялап, тыңдаушылар мен оқырмандарға танымал болуына еңбек сіңірген ақын Жүсіпбек Шайхисламұлының рөлін айрықша атайды.

Ысқақ Тәкімұлы Төлеген образын кең түрде зерттейді. «Ақын Төлегеннің көркін сипаттағанда жас жігіттің жарқын бейнесін жасауға қажетті бояуларын түр-түрімен шебер пайдаланады... қазақ арасына мол тараған ертегі-аңыздар мен қисса-хикаяларда талай-талай патшалар мен шаһзадалардың бейнелері дайын атрибуттар арқылы жасалған болатын-ды» дейді [2, 96]. Көріп отырғанымыздай, автор біріншіден, сол сыр-бояулардың түп-төркінін, екіншіден, олардың формулалығын, басқа да ауыз әдебиеті үлгілеріне ортақтығын көрсетеді.

Зерттеуші Төлегенді ең алдымен өз сезімімен санасқан, ой-арманымен, іс-әрекетімен өзгешеленетін, бас еркіндігіне ұмтылған, өз тағдырына өзі қожа болып, бақытты өмірді көкसेген «жаңа адам», «жаңа заманның бел баласы», «жаңа заман өкілі» деп сипаттайды.

Ы. Т. Дүйсенбаев бірінші боп жыр екі бөлек бөлімнен тұратыны туралы: «Қыз Жібек» өзінің түп нұсқасында тегі Төлегеннің қайғылы қазасымен аяқталған болу керек, ал Сансызбай мен Жібектің әмеңгерлік салтты орындауы, яки қалмақтардың оқиғаға араласуы кейінірек жамалған қосынды» деп жорамалдаған. Сондықтан ол жырды екі тарауға бөліп зерттейді және жырдың екі кейіпкері – Төлеген мен Сансызбайдың атқаратын қызметіне (функциясына) сай сомдалғанын көрсетіп, олардың бір-біріне ұқсамайтынын дәлелдейді. Түйіндей келе зерттеуші былай дейді: «Егер Төлеген жас шағынан серілік құрып, өзіне: «Батырлық, байлық кімде жоқ? Ғашықтың жөні бір басқа» деген сөздерді өміріндегі девизи санаса, Сансызбайдың арманы мүлдем басқада жатыр. Ол батырлықты көксейді, сондықтан Сансызбай сауыт киеді, қару-жарақ асынып, соғыс өнеріне құмартады» [2, 103]

Ы.Тәкімұлының бұл жазғандары кейінгі зерттеулерде жалғасын тауып, фольклортану ғылымы тұрғысынан түсіндірілді.

«Қыз Жібектің» құрылымдық, композициялық тұрғысынан күрделілігін, екі сюжеттен тұратынын айта келіп зерттеуші былай қорытындылайды: «...біз көрсеткен сол екі бөлімнің көркемдік тұтастығы, стиль бірлігі жағынан бірінен-бірінің алшақ жатқан көрінеу айырмашылығы бар ма? Біздіңше ондай айғайлап тұрған ерекшелікті

Жүсіпбек қожа Шайхұлисламұлы нұсқасынан табу мүмкін емес. Өйткені, бұл поэма көп кейін өте дарынды ақынның орындауынан өткен соң өзінің осы бізге жеткен әсем түріне еніп, әбден жымдасып, толысып кеткен. Ендеше, «Қыз Жібек» дастанын екіге бөліп, екі туынды ретінде қараудың қажеті аз, оны тұтас бітімді, мінсіз композициясы бар, аса көркем шығарма деп таныған жөн» [2, 106].

Ал, «Айман, Шолпан» жырды саралау барысында Ы. Тәкімұлы мынадай мәселелерге назар аударады – жырдың жырланған мерзімін, жыр кейіпкерлерінің шынайы өмірде болған прототиптерімен байланысын, яғни эпостың тарихилығы, жырдың басты тақырыбы мен идеясы, «батырлық» ұғымының трансформацияға түсуі т.б.

Қ. Жұмалиев 1958 жылғы «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» атты еңбегінде «Айман, Шолпанның» сюжетіне арқау болған әдеттегідей екі жастың махаббаты емес, екі ру басының арасында болған егес, қарама-қайшылық, негізгі кейіпкерлері өмірде болған реальды адамдар, бұл жыр жаңа типтегі жыр үлгісі дей келіп, жырдың жанрын – тарихи деп анықтайды [11, 202-219].

Ы. Дүйсенбаев «Мұнда махаббат сарыны тіпті көмескі, жоқ десе де болғандай. Алайда қазақ қызының өз правосы үшін зор қайратпен күресіп, жеңіп шыққаны өте қонымды ыспатталған» дейді [2, 107].

Автор жырдың бас кейіпкері Айман, яғни әйел кейіпкер екенін, әрі жыр мазмұнының негізгі арқауын қазақ әйелдерінің бас бостандығы үшін ашықтан-ашық күресі екенін алға тартады. Айман образын саралай келе ғалым оның тапқырлығын, ақылдылығын, өткірлігін, айлакерлігін алға тартады, басқа да персонаждардың дәстүрлі эпос кейіпкерлерінен өзгешелігіне назар аударады.

Көтібар, Арыстан, Әсет өмірде болған адамдар, бірақ бұл жағдай жырды тарихи жырлар санатына жатқызуға негіз бола алмайды. Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мұнда жырдың мазмұндық негізін өте көне – «ұрланған әйелдің босатылуы» сюжеті құрайды. Дәстүрлі эпоста ұрланған қалыңдығын/әйелін батырдың өзі жау қолынан құтқарып алса, сөз болып отырған жырда кейіпкер әйел жеке қасиеттерінің арқасында тұтқыннан өзі құтылады. Ал оның негізгі құралы – шешендігі, тапқырлығы, ақылы, өткірлігі, айлакерлігі, даналығы. Демек көне сюжет хикаялық аспектіде дамып, жырланған [12, 92-105], [13, 146-153]. Мұның себебі, әрине, эпикалық шығармашылықтың даму заңдылықтарына тіреледі. Сонымен бірге тарихтан белгілі Көтібардың кейбір мінездері мен іс-әрекеттері белгілі бір рөл атқарды деп пайымдауға болады.

Басқа сөзбен айтқанда, көне сюжеттің жаңа заман кейіпкерімен байланыстырылып, хикаялық дастан шеңберінде жырланғанын аңғарамыз, ал бұл – эпикалық тұтастанудың мысалы.

Сонымен қатар, атап айту керек, автор аталмыш фольклорлық туындыларды көптеген жағдайда әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттеп бағалайды, мысалы, ол кейіпкерлер образдарын «еңбек адамдары» мен «үстем тап адамдары», «жағымды – жағымсыз кейіпкер» тәрізді ұғымдар шеңберінде қарастырады. Халық ауыз әдебиетінде, жалпы қазақ санасына байырғы заманнан белгілі Ғайып Ерен Қырық Шілтен, Қыдыр, Илияс образдарын ислам дінінің әсері деп көрсетеді, міндетті түрде туындының халықтық негіздерін іздеу, фольклорлық сюжет, мотивтердің қалыптасуында маңызды роль атқарған халықтың ғұрып, салттарын ескіліктің кертартпа заңдары деп анықтауы т.б. с.с. тұжырымдарын да осы санатқа жатқызуға болады.

Ы.Дүйсенбаев 1959 жылы дайындап жарыққа шығарған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» басылымы қазақ фольклортану ғылымында бірінші ғылыми басылым, ал 1973 жылғы кітабы – халық ауыз әдебиетінің үлкен бір жанрын құрайтын – лиро-эпостық шығармаларға арналған бірінші монография болып табылады. Бұл еңбегінде Ы. Дүйсенбаев аталған шығармаларды жан-жақты талдап, әсіресе олардың көркемдік жүйесін тереңдеп қарастырды. Автор лиро-эпосқа қатысты біраз келелі мәселелерді күн тәртібіне қойып, оларды білгірлікпен саралап, өз заманы ғылымының деңгейіне сай шешуге күш салды. Осы еңбектерімен Ы. Дүйсенбаев қазақ фольклортану ғылымының әрі қарай дамып, алға басуына айтарлықтай үлес қосты.

#### **Әдебиеттер**

1. *Қозы Көрпеш – Баян сұлу*. Ғылыми басылым. Құрастырған, кіріспе мақала мен түсініктерін жазған Ы.Дүйсенбаев. – Алматы, 1959.
2. Дүйсенбаев Ы. Т. *Қазақтың лиро-эпосы*. – Алматы, 1973.
3. *Материалы И. Н. Березина*. Сектор восточных рукописей Архива СПб. филиала ИВ РАН: фонд №5, оп. 2/267.
4. *Материалы И. Н. Березина*. Сектор восточных рукописей Архива СПб. филиала ИВ РАН: В.4043.
5. *Материалы И. Н. Березина*. Сектор восточных рукописей Архива СПб. филиала ИВ РАН: фонд №5, оп. I, ед. хр.12.
6. *Материалы И. Н. Березина*. Сектор восточных рукописей Архива СПб. филиала ИВ РАН: В.4428.
7. Мұқатаева Қ. *Ы. Т. Дүйсенбаевтың ғылыми мұрасы*. Филол.ғылымдарының канд. дисс. автор. – Алматы, 2007.
8. Әуезов М. *Қозы Көрпеш – Баян сұлу // Классикалық зерттеулер*. 11-том. Мұхтар Әуезов. Фольклор туралы зерттеулер. – Алматы, 2012. – Б. 111-141.

9. Маргулан А. Х. *Очерк жизни и деятельности Ч. Ч. Валиханова* // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах (1984-1985). Том 1. – Алма-Ата, 1984. – С.9-77.
10. Маргулан А. Х. *Научный комментарий к эпосу «Козы Корпеш – Баян сулу»* // Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах (1984-1985). Том 1. – Алма-Ата, 1984. – С.366-367.
11. Жұмалиев Қ. *Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері*. – Алматы, 1958.
12. Азибаева Б. У. *Казахский дастаный эпос*. – Алматы, 1998.
13. Әзібаева Б. *Қазақ дастандары*. – Алматы, 2009.